

«ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША» Республикалық пилоттық жоба

Негіздеме:

1. Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған Жол картасы;
2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 шілдедегі №213 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі. Орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім беру және тәрбиелеу іс-шараларының 2023-2029 жылдарға арналған жоспарының» «Жасыл балабақша» желісін құру» туралы 3.1. тармағы.
3. 2025 жылғы 12 наурыздағы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің №119 бұйрығы

Жобаның мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық санасын қалыптастыру, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйрету.

Жобаның міндеттері:

- балалардың тәжірибелік және зерттеу қызметіне қызығушылықты ынталандыратын жағдайлар жасау;
- экологиялық мәдениетті дамыту;
- балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- танымдық қабілеттерін дамыту және балаларды мәдени бақша өсімдіктерін өсіру бойынша практикалық іс-шараларға тарту арқылы еңбек дағдыларын қалыптастыру;
- ауланы көгалдандырып, бау-бақша егіп, ондағы өнімдерімен қамтамасыз ету ғана емес, ең алдымен балаларға экологиялық білім мен тәрбие беру;

Экологиялық білім беру қазір әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі. Ғаламдық жылыну, табиғи ресурстардың сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы сияқты түйткілдерге бей-жай қарауға болмайды. Сондықтан табиғатқа деген сүйіспеншілікті, оны қорғау дағдыларын кішкентай кезден бастап қалыптастыру маңызды. «Жасыл балабақша» жобасы дәл осы мақсатта қолға алынған.

Балабақша аумағында бау-бақша егу, өсімдіктерді күту, табиғатты бақылау сияқты іс-шаралар жүйелі түрде өткізіледі. Сондай-ақ балалар қалдықтарды сұрыптауды, суды үнемдеуді, электр энергиясын ұтымды пайдалануды, қоршаған ортаның тазалығын сақтауды үйренеді. Осылайша, олар экологиялық мәдениеттің алғашқы дағдыларын меңгереді.

«Жасыл балабақша» жобасының негізгі бағыттары:

- Балалардың табиғат туралы танымдық түсініктерін дамыту;
- Өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру;
- Қоршаған ортаның тазалығын сақтау дағдыларын үйрету;
- Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу негіздерін түсіндіру;
- Табиғи ресурстарды (су, электр энергиясы) үнемдеудің қарапайым ұғымдарын ұғындыру;
- Маусымдық өзгерістерді бақылау арқылы танымдық қабілеттерін дамыту;
- Табиғат аясында экологиялық ойындар мен тәжірибелер ұйымдастыру.

Жоба аясында балалар тек теориялық білім алып қана қоймай, оны іс жүзінде де қолданады. Бақша егудің қыр-сырын меңгеріп, өсімдіктердің өсу процесін бақылайды. Бұл олардың еңбекке деген қызығушылығын арттырып, жауапкершілік сезімін оятады.

Қазіргі заман талабына сай, балаларға экологиялық білім мен мәдениет берудің маңызы зор. Бұл жоба арқылы біз балғындардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін ерте жастан қалыптастыруға тырысамыз. Олар тек табиғатты бақылап, танымдық тәжірибе жасап қоймай, өздері сол процестің белсенді қатысушысы болады. Экологиялық тәрбие – ұрпақ болашағына салынған инвестиция. Бүгінгі бүлдіршіндер – ертеңгі азаматтар.

Олардың табиғатқа деген көзқарасы қандай болса, болашақта қоршаған ортаның жағдайы да сондай болады.

Экологиялық жоба тек балабақша қабырғасында ғана шектелмейді. Балалар алған білімдерін отбасында да қолданып, ата-аналарын экологиялық мәдениетке шақырады. «Жасыл балабақша» жобасы балаларға, ата-аналарға, педагогтерге жаңа бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Тәрбиешілер экологиялық ойындар, тәжірибелік сабақтар ұйымдастырып, балғындарды табиғатпен жақын таныстырады. Ал ата-аналар болса, бұл жобаның нәтижесін өз үйлерінде байқап жатыр. Балаларының су мен электр қуатын үнемдеуге тырысуы, тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау жөнінде әңгімелеуі олардың ой-өрісінің өзгеріп келе жатқанын көрсетеді. Тәрбиеленушілер үйде қоқысты сұрыптау керектігін айтады. «Пластикті бөлек, қағазды бөлек жинайық» деп үйретіп жүреді. Бұл біз үшін таңсық нәрсе еді. Енді өзіміз де осы әдетті қалыптастыра бастадық, – дейді ата-аналардың бірі.

Қоршаған ортаны қорғау – әр адамның міндеті. Ал бұл мәдениетті кішкентай кезден бастап сіңіру – өте маңызды қадам. «Жасыл балабақша» жобасы арқылы Жамбыл облысында үлкен экологиялық қозғалыстың бастау алғанын байқауға болады.

Балаларға табиғатты сүйуді, оған қамқорлықпен қарауды үйрету – тек бір өңірдің ғана емес, бүкіл елдің болашағына салынған инвестиция. Өйткені табиғатқа жанашыр ұрпақ – ертеңгі саналы қоғамның кепілі. Табиғатты қорғау әр баланың жүрегінен басталады!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елімізде алдыңғы уақытта жүзеге асырылатын он ұлттық жоба тізбесін бекіткен болатын. Олардың қатарында - «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы да әзірленіп, оны іске асыру еліміздегі экологиялық ластану деңгейі жоғары 10 қаладағы жағдайды жақсартуға мүмкіндік беруі қарастырылып отырғаны белгілі. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы 7 негізгі бағыттан тұрады. Олар – су нысандарын сауықтыру, ауаның ластану деңгейін төмендету, қалдықтарды басқару, биоалуантүрлілікті сақтау, елді көгалдандыру, энергия тиімділігі, экоқұрылым және экологиялық мәдениетті арттыру деп бөлінген.

«Жасыл Қазақстан - жасыл балабақшадан басталады» жобасы - тәрбиеленушілердің табиғатқа құндылық қатынасын қалыптастыруға, білім берудің экологиялық бағыттылық деңгейін арттыруға, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша тәрбиеленушілердің хабардар болуына, өскелең ұрпақтың табиғатқа жауапты көзқарасын тәрбиелеуге, экологиялық сауатты мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған кешенді білім беру жобасы ретінде қалыптасып келеді.

Осыған орай, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының жүзеге асырылуын қолдау және экологиялық білім беруді дамыту, тәрбиеленушілердің қоршаған орта сауаттылығын жоғарылату мақсатында «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының жүзеге асыруын қолдау және табиғатты аялауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық сауатты мінез-құлықты қалыптастыруды көздейді.

«Жасыл Қазақстан – жасыл балабақшадан басталады» жобасының міндеттеріне практикалық дағдыларды игеру арқылы тұрақты даму мәселелерін шешуге қатысты тәрбиеленушілердің экологиялық бағдарланған мінез-құлқын қалыптастыру, балабақша жұмыс практикасына биоалуантүрлілікті сақтау, энергияны үнемдеу, суды үнемдеу, қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі іс-шараларды енгізу, тәрбиеленушілерді, педагог қызметкерлерді, ата-аналармен биоалуантүрлілікті сақтау, су ресурстары мен энергияны үнемдеу, қалдықтармен жұмыс істеу, тауарлар мен қызметтерді экологиялық сауатты тұтыну мәселелері бойынша хабардар ету жатады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемені "Жасыл балабақша" халықаралық желісіне интеграциялау, білім беру мекемелері және табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғаудың аумақтық органдары, білім беру мекемелері мен жергілікті халық арасындағы ынтымақтастықты дамыту мен баланың

табиғатты құрметтеуге қызығуын арттыра отырып, туған өлке табиғатын аялауға, экологиялық мәдени жауапкершіліктерін арттыру қолға алынууда.

Ғылыми зерттеу ізденісін, коммуникативті дағдысын, шығармашылық қабілеттерін, топпен жұмыс істеу қабілетін дамытуға және ойын арқылы зияткерлік және практикалық дағдыларды қалыптастыруға күш салынады. Бұл жұмыста әдістемелік ресурстар – оқу құралдары, экологиялық ойындар, ойыншықтар енгізіледі. Ал ақпарат беру үшін – компьютер, ноутбук, интерактивті тақта, музыкалық орталық, мультстанок, қалдық заттар, зерттеу құралдар, кітапхана мен жасыл аймақ қолданылады. Бұдан нәтиже – мектеп жасына дейінгі балаларға табиғатпен қарым-қатынас жасауды, экологиялық тәрбие беру бағытындағы түрлі жұмыс пен экологиялық санасы қалыптасқан, табиғатқа және салауатты өмір салтына, дұрыс тамақтануға жауапкершілікпен қарай алатын бала тұлғасын қалыптастыруға көмектеседі. Қалдық заттарды сұрыптап, түрлі ойыншықтар жасап ойнату арқылы балаларды сүйікті әрекетімен айналысуға, табиғи мазмұнды қабылдауға эмоционалды жағдай жасауға мүмкіндік беріледі.

«Энергияны үнемдеу» бағыты бойынша бөбекжай - балабақша ұжымына энергияны үнемдей отыра жұмыс жасауды, электр құрылғыларды көп пайдаланбау, жарықты сөндіріп жүру және балаларға түсіндірме жұмыстарды жүргізу ескеріледі.

Баламалы энергияны шығаратын зерттеу жұмыстар жоспарлап жүргізілуде. Болашақта жел энергиясын электр энергиясына айналдыратын механикалық қондырғы орнатуға жоспарланды. Әрі қарай жел энергиясын тұрақты пайдалану үшін жел энергетикасы қондырғыларын басқа энергия көздерімен кешенді түрде ұштастыруды жоспарланды.

Су ресурстарын үнемдеу, сақтау маңызыдылығына заманауи көзқарас, суды үнемдеу шаралары және сақтау дағдыларына баулу. Жер шарын мекендеген халық санының артуына керісінше, қолданылатын табиғи су көздерінің азаюы суды мұқият қолдануды мәжбүр қылады. Тіршіліктің көзі су қажетті үнемдеу шаралары қолданылмаса, жанды атаулы үшін жеткіліксіз болады. Бүгінде бөбекжай-балабақша ұжымы және тәрбиеленушілері суды үнемдеуге дағдыланып келуде. Сонымен қатар, тәрбиеленушілері ақпараттық парақшалар әрбір қол жуатын орындарда орналастырылды. Суды қорғау тіршілікті қорғау екенін тәрбиеленушілер мен қызметкерлер жақсы жадында сақтайды.

Қалдықтарды өңдеу – қалдықтардың пайда болу көздерін талдау, азайту, қайта өңдеу және қайта пайдалану жолдарын анықтауда. Қалдықтарды бөліп тастауға арналған эко-жәшіктер орналастырылған. Бөбекжай-балабақша қызметкерлері мен бүлдіршіндері қалдықтарды бөліп тастауға дағдыланған. Жоба аясында бүлдіршіндер бөбекжай-балабақшадағы қалдықтарды азайту тақырыбында іс – шара ұйымдастырылды. Еліміздегі экологиялық проблемаларға жанашырлық білдіру, бөбекжай-балабақшадағы және үйдегі қалдық заттардың мөлшерін азайтудың жолдарын түсініп, қалдықтарды қайта өңдеп оны әрі қарай тұтынатын жолдарын көрсету мен қоршаған ортаға қорған болу, қалдық заттармен күресе отырып, жасыл экономиканың дамуына өз үлестерін қосу мақсатында. Осы ретте жақында бүлдіршіндер арасында «Екінші өмір сыйла» акциясы өтті. Акцияның басты мақсаты – табиғатты ластамай, тұрмыстық қалдықтарды үй жағдайында өңдеп, басқа нысандарға пайдалану. Ересек, мектепалды топтың балалары түрлі қоқыстан өңделген өнімді әкеліп, табиғатты ластамауды насихаттады.

Ақпараттық – экологиялық шаралар: акциялар, көрмелер, байқаулар, экологиялық бастамалар, жергілікті тұрғындарға экологиялық білім беру, табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың инновациялық технологияларын пайдалану.

«Жасыл балабақша» пилоттық жоба аясында ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшада келесі іс-шаралар өткізілді: «Табиғат сұлулығы өнер арқылы» экологиялық фотовернисаж, «Жасыл Ақтөбем» экологиялық жобалар, «Табиғи аймақтар» экологиялық макеттер, «ҚоқысЭКСПО» экологиялық көрме, «Ресайклинг» қайта өңдеу шеберханасы, "Бақтағы дәрумендер". Соныме бірге тәрбиешілер, тәрбиеленушілер, ата-аналарымен бірге бірнеше «Көркейе бер, балабақшам» экологиялық акциялар өткізілді.

Өткізілген жобалар мәселесі: бұл жоба мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінде балалардың Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін кеңейтуге, тереңдетуге, жүйелеуге және шығармашылықпен қолдануға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалар табиғаттың өзгеруін көргенді ұнатады. Балаларға еңбек тәрбиесі дағдыларын үйрету. Туған өлкенің табиғатына деген сүйіспеншілік пен құрмет.

Өзектілігі: жұмыс тақырыбының өзектілігі мен таңдауы балабақшадағы бақшаның балалардағы қызығушылық пен байқаудың дамуына ықпал ететіндігімен түсіндіріледі, бұл өсімдік өмірін жақсы білуге көмектеседі. Ол балалардың өсімдіктер туралы, Тірі организмдер ретінде, өсу мен даму үшін қажетті жағдайлар туралы түсініктерін кеңейте алады, эстетикалық сезімді, табиғаттағы ұқыпты және экологиялық мінез-құлықты, өсірілген өсімдіктердің сұлулығына және олардың жұмысының нәтижелеріне қуана алады.

Бөбекжай-балабақша ауласында әр топқа бөлінген ойын алаңдары, беседкалар, күн шатыры, құмсалғыштар бар. Әр беседкалардың айналасындағы шырмауық өсімдіктер мен дала гүлдерін және ағаштарды тәрбиешілер ата-аналармен бірігіп, көктемгі мезгілде егіп, күтім жасайды. Бөбекжай-балабақша айналасында ағаштың онға жуық түрі, гүлдердің отыз түрі егілуде және толығымен біркелкі көгалмен өсірілген. Сондай-ақ, бөбекжай-балабақшада бүлдіршіндерге қоршаған ортамен таныстыру бағытында түсіндірумен қатар, практикалық жұмыстарды жүзеге асыру, оларды еңбекке баулу, еңбектену, бидай, сексеуіл, туя ағашы, аскөктер, тамшылап суару тәсілі арқылы суарылады. Сол жерден тамыр өзіне қажетті қоректі алып отырады. Жылысайын көкөністердің әртүрлі сорттарын алып, тұқымнан бастап өсіріп келеді.

«Табиғат – ортақ үйіміз» атты балабақша ауласына тал егу акциясы жылсайын өтеді. Маңызды акция барысында балабақша ауласына жаңа талдар егілді. Бұл үрдіс көктем-күз айларында үнемі жалғасын тауып келеді.

ЖШС «NURSULTAN 7777»бөбекжай-балабақшасының әдіскер

А.Е.Әбдрахманова